

5 қаңтар күні КЕМЕ (кәсіби ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ – нәтижелі білім кепілі” тақырыбында “Әдістемелік лайфхак” кеңесу– әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Жоспарға сай лайфхак өткізуші тарих пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Рабаев Нұрсұлтан өткізді.

Сабақ барысында «Canva kod» платформасымен таныстырып, сабақта тиімді қолданудың жолдары көрсетіліп, педагогтермен нақты іс-тәжірибелер ортаға салынды.

Canva kod – сабақты ойын түрінде түрлі тапсырмалар ұйымдастыру мұғалімдерге көмекші құралы болып табылады.

Тренинг құрылымы:

1. Кіріспе:

– "Ойын арқылы оқыту" ұғымы

2. Теориялық бөлім:

– Canva kod деген не?

– Артықшылықтары:

- Қызықты, интерактивті

- Жылдам қызықты тапсырмалар орындау

- Барлық оқушыны қамтиды

– Сабақтың қай кезеңінде қолдануға болады? (Үй тапсырмасы, қорытынды )

3. Тәжірибелік мұғалімдер әр пәндеріне қатысты түрлі қызықты тапсырмалар құру арқылы өз бөлімдерін сынап көрді.

Платформа:

- Интерактивті оқыту элементтерін қамтиды

- Оқушылардың қызығушылығын арттырады

- Компьютер, планшет немесе смартфон арқылы қолдануға ыңғайлы.

Мұғалімдер өздері жеке қызықты түрлі тапсырмалар құрастыра алады немесе дайын шаблондарды пайдалана отырып, сабақта, үйірмеде немесе білім сайыстарында қолдана алады.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DTH8DlOjElq/?igsh=MTY4bjN4YmU5cmZ4dQ>

